# ...ның Сталиндік Конституциясы жасасын!

...АРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ...Н ТУЫ

...ИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
...ЗЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

... декабрь Жұма | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын.

## Бүгін—Сталиндік Конституция Күні.

## ССРО Конституциясын жасаушы, совет халқының данышпан көсемі және ұстазы ұлы СТАЛИННІҢ даңқы арта берсін!

## ...дік заң

...есімімен атады. Сталин ... сөздерінің әрбір жо... ...іміздің данышпандығы... ...ұрланып тұр. Сталин... —халқымыздың ғасыр... ...талпынып, мақсат ет... ...күн шұғылалы социа... ...жүзеге асқан игі жақ... ...ұлы дастаны, біздің ...ан үздік шығармасы, ...ғылымы қазынасына ...ор көрнекті үлес.

...итуция —дүние жүзін... ...шыл Конституция. Ол ...ың праволары мен мін... ...де баяндап, бекітіп бер... ...аты еңбек етуге, оқып ...уға, қартайғанда мем... ...тамасыз етілуге толық ...касына толған әрбір ...мемлекеттік өкмет би... ...ның сайлауға қатысуға ...ға правосы бар. Аза... ...Конституция берген ...ің елімізде мүлтіксіз

...ияның жобасы туралы



*Конституция күніне арнаған тартулар*

## Техниканы еңбекпен меңгердік

Біздің Советтік Социалистік Отанымызда еңбек —адамның айырылмас ісі. Бейбіт және адал еңбек біздерді, қатардағы жұмысшыларды рақатқа бөлеп, ер батыр атандырып, абырой әперуде. Олай болса, совет адамдары өздерінің қажырлы еңбегімен дүниенің әр алуан құпия сырын ашып, білуде. Демек, бейбітшілік пен демократияның берік тірегі —совет елінде еңбекпен алынбайтын қамал, істелінбейтін жұмыс жоқ.

Сталиндік Конституция нұрынан қуат алып, шат тұрмысқа кенелген еліміздің жұмысшылары мен шаруалары қажырлы еңбекпен советтік озат техниканы барған сайын жете меңгеріп, оның алып күшін өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын жедел қарқынмен өркендетуге пайдалануда.

Қазір біздің облысымыздың колхоздары мен совхоздарында жүздеген комбайндар мен тракторлар және басқа да сан алуан ауылшаруашылық машиналары бар. Ал біз ол машиналарды өзіміз жүргізіп, іске ...

воларымды әрқашан толық пайдаланып, жүзеге асырып келемін. Жергілікті Со-

**И. ГАНУЩЕНКО,**
**Қалалық Советтің депутаты.**

# *Сталинге алғыс айтамыз*

Біздің Советтік Отанымызда ана мен баланың мүдделерін қорғау ісіне зор көңіл бөлінеді. Мемлекетіміз жеке басты және көп балалы аналарға балаларын тәрбиелеп өсіруіне күнбе-күн қамқорлық жасап, көмек көрсетіп келеді.

Көп балалы аналардың бірі ретінде мен де сталиндік заманда өмір сүріп, бақытты ана болғанымды мақтан етемін. Мен сегіз баланың анасымын. Балаларымның алды ер жетіп, совет азаматтарына Сталиндік Конституция берген право бойынша Отан игілігі үшін еңбек етуде.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының көп балалы аналарды ордендермен және медальдармен наградтау туралы Указына сәйкес мен үшінші дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградталдым. Балаларымды тәрбиелеуге мемлекетімізден ай сайын көмек алып отырамын.

Әрине, бұл мен үшін зор бақыт, үлкен аброй. Аналар мен балалардың мүдделері мен праволарын дүние жүзіндегі ең демократияшыл Конституция — Сталиндік Конституция қорғайды. Сондықтан да мәдени тұрмысымыздың күннен-күнге жақсарып, гүлдене беруі үшін, аналар мен балаларға үнемі аталық қамқорлық жасап отырғаны үшін Конституцияны жасаушы ұлы көсеміміз Сталинге алғыс айтып, ұзақ жылдар өмір сүруіне тілектестік білдіремін.

**Сафия ҚҰСАЙЫНОВА,**
**Көп балалы ана.**

Еліміздің бақытты балаларын оқытып, білім негіздерімен қаруландыру, оларды шын мәніндегі білімді, мәдениетті, коммунизмнің болашақ құрылысшылары етіп тәрбиелеу мұғалімдердің әрі ардақты, әрі абройлы борышы. Еңбек ету жөнінде Сталиндік Ұлы заңда беріліп отырған право бізді, совет мұғалімдерін әрқашан да бұл борышты іс жүзінде, мүлтіксіз орындауға жігерлендіріп отырады.

Қазір мен Калинин атындағы қазақ орта мектебінде 5-6-7 кластарға қазақ тілі пәнінен сабақ беріп жүрмін. Менің бар мақсатым —жастарға тұрақты білім, саналы тәрбие беру. Сталин жолдастың тіл білімі жөніндегі еңбектерімен қарулана отырып, тіл пәнінен сабақ беру сапасын үздіксіз жақсарту жолына білімімді де іскерлік қаблетімді де толық жұмылдыра беремін.

**Г. ЕСПОЛОВА,**
**Оқытушы.**







СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) музыка мектебінің үздік оқушысы Роза **Сейфуллина** пианино ойнап отыр. Үгітші **Н. Чернявская** жолдас ет комбинатының жұмысшыларын газет жаңалықтарымен таныстыруда. Петропавл ауданының Сталин атындағы колхозында орнатылған электр күшімен ағаш өңдейтін жаңа станок.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

және Францияның билеп-төстеуші топтары бұл саясатты —бейбітшілік саясаты деп көрсетуге барынша тырысуда. Олар агрессиялық Солтүстік атлантика блогын —«қорғаныс» блогы деп жариялады. «Қорғаныс» сылтауымен олар Батыс Германия мен Жапонияны ремилитарландыру да, дүниежүзілік екінші соғыстың екі ошағын қайтадан қалпына келтіруде, халықтардың бұл соғыста осы ошақтарды жою үшін қан төккенін ұмытуда.

Олар бес ұлы мемлекет арасында Бейбітшілік Шартын жасасудан бастартуда.

Дүние жүзінің халықтары, оның ішінде совет халқы, —деді баяндамашы,— жаңа соғыс өртін тұтандырушылардың қылмысты саясатына селқос қарап отыра алмайды. Олар бейбітшілікті қорғаудың біртұтас майданын кеңейтіп нығайтуда, соғыс өртін тұтандырушыларға тойтарыс беру қыймылын ұйымдастыруда.

Бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының күші— оның әділетті істі жақтайтындығында, бейбітшілікті қорғайтындығында. Бұл қозғалыстың кең өріс алғандығына мынадай факт: Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің бес ұлы мемлекет арасында Бейбітшілік Шартын жасасу туралы Үндеуіне жер жүзінің 600 миллионнан астам ересек еркектері мен әйелдерінің қол қойғандығы айқын дәлел.

Халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қорғау, дейді баяндамашы, барлық халықтардың ортақ ісі. Бұл ортақ әділетті істі қорғау жолында совет халқы ең табанды және ең дәйекті күрескер болып келді және әрдайым осындай күрескер болады.

Совет Одағы халықтарының Ленин мен Сталин шыңдаған берік достығы ,—дейді баяндамашы қорытындысында, —барлық елдер мен ұлттардың халықтары үшін тамаша үлгі болып табылады.

Бейбітшіліктің күштері өсіп нығайып отырғанын, бейбітшілікті қорғау жолындағы бұл бүкіл дүниежүзілік ұлы қозғалыспен есептеспеуге соғыс өртін тұтандырушылардың ылажы жоқ екенін біз білеміз.

мені Москваға
тапсырма берді:
бақытты тұрмыс
тарымызды айт
ның бүкіл дүни
луын шын ниет
өртін тұтандыру
німен жек көре
Мұнан кейін
Коммунистік пар
мыз, ұстазымыз
адамдарына көр
лығы үшін зор
ды өтінді. (Ұзақ

Белова жолда
байлығы өскенд
ның бақытты т
айтты.

—Біз. —сов
соғысты тілемей
лынды сөзінің
және ана рет
және аналармен
бастауға тырыса
лы наразылық

Совет сәулетт
хитектура ак
Мордвинов жолд

—12 декабр
халықтардың бе
сі, —деді ол,—
гі жаңа кезең
Конгресті шақы
ауыздан қуатта

Москваның
риархы Алексий
көп ұлттық елі
бітшілікке ұмты
өзі сүйсінерлік,
бен сезіміміз ос
ды. Ұлы халқы
пен өмір сүред
Өмір сүру жол
тағдырдан қор
бұға күныққан
санамен ұмтыл
бектегі ерлік і
быстарының қо

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, ред
партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп- транспорт және тілшілер бөлімдері—1-33-2, корректорлар бюросы-- 4-39, Газет баспасы —0-22, газет

УШ 02628 Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы баспа және кітап саудасы, полиграфия өнеркәсібі Басқармасының Петропавлд